



ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІ ТУРАЛЫ АЙТТЫ

Мемлекет басшысы Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады.

Президент – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа қорғаныс ведомствосының биылғы атқарған қызметі туралы есеп берілді.

Мемлекет басшысына бөлімшелердің жауынгерлік дайындығы мен Қарулы Күштер қатарына күзгі шақыру науқанының нәтижелері, сондай-ақ әскери қызметтегі тәртіп пен қауіпсіздікті нығайтуға, әскери қызметшілердің әлеуметтік мәртебесі мен жалқысын арттыруға бағытталған шаралар жөнінде баяндалды.

Армияның жауынгерлік әлеуетін кезең-кезеңімен көтеру және әскерді даярлаудың жаңа тәсілдеріне қошу мәселелеріне айрықша назар аударылды.

Руслан Жақсылықов мемлекеттік қорғаныс тапсырысының орындалу барысы туралы баяндап, әскердің қару-жарақ пен техниканың жаңа үлгілерімен, атап айтқанда, ұшқышсыз басқарылатын авиациялық жүйелерімен, радиоэлектрондық күрес кешендерімен жаратқандырылып жатқанын хабарлар етті. Бұдан бөлек, жауынгерлік машиналарды және байланыс құралдарын жаңғырту, рационализаторлық жұмысты, сондай-ақ әскери инфрақұрылымды дамыту мәселелері қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің бітімгерлік контингентінің БҰҰ аясында Голан жоталарында атқарып жатқан қызметі маңызды екенін атап өтті.

Кездесу соңында Жоғарғы Бас қолбасшы Қасым-Жомарт Тоқаев министрге отандық қорғаныс кәсіпорындарымен өзара ықпалдастықты жандандыру, аумақтық қорғаныс пен арнайы операция күштерін дамыту, әлеуметтік-құқықтық жұмысты күшейту жөнінде нақты міндеттер жүктеді.



ПРЕЗИДЕНТ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІ ЕРЖАН СӘДЕНОВТІ ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміздегі криминогендік жағдай туралы ақпарат берілді.

Ержан Сәденовтің айтуынша, жыл басынан бері қылмыстың төмендеуі байқалады. Қылмыстық құқықбұзушылық – 5,5 мыңға, қылмыс 10 мыңға азайған.

Қоғамдық орындарда және көмелетке толмағандардың қатысуымен жасалған құқықбұзушылықтар саны төмендеді. Сонымен қатар қылмысты ашу көрсеткіштері жақсарды.

Министр елімізде «Заң мен Тәртіп» қағидатын іске асыру, құқықбұзушылыққа «мүлдем төзбеушілік» және оның алдын алу шаралары туралы хабарлады.

Жыл басынан бері әкімшілік құқықбұзушылықтың жолын кесу 40 пайызға артты, соның ішінде ұсақ бұзақылықтың алдын алу – 30 пайызға, көлік қозғалы-

сы ережелерін бұзуға жол бермеу 48 пайызға көбейді. Көлік жүргізу құқығынан айырылған жүргізушілер 32 пайызға артты, олардың қатарында мас күйде рөлге отырғаны үшін жауапқа тартылған азаматтар бар. Іздеуде жүрген 1,6 мыңнан астам қылмыскер ұсталды, олардың 158-і шетелде тұтқындалды.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы ұйымдасқан, кибер және есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстық атқару жүйесін жетілдіру және кадр үдерістерін цифрландыру жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысымен танысты.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыру бойынша бірқатар тапсырма берді.

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫ ЖЕТІЛДІРУДІ ТАПСЫРДЫ

Президент Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпованы қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміздегі әлеумет және еңбек салаларын дамыту бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың есебі мен алдағы жоспары жөнінде ақпарат берілді.

Мемлекет басшысына атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тәсілдері ұсынылды. Бұл шаралар әлеуметтік қолдаудың тиімділігін арттырып, көмектің тиісті азаматтарға дәл жетуін көздейді.

Светлана Жақыпованың айтуынша, 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды лицензиялау жүйесі енгізіледі. Бұл мақсатта кәсіби стандарттар мен оқыту модульдері әзірленген. 2030 жылға дейінгі инклюзивті саясат тұжырымдамасы аясында мүгедектің әлеуметтік-құқықтық қорғау моделіне қошу енгізіліп жатыр.

Президентке халықты жұмыспен қамтуға бағытталған шаралар жөнінде баяндалды. Министрдің айтуынша, биыл 804 мыңнан астам адам жұмысқа орналасты. Олардың ішінде 200 мыңнан астамы – жастар. Ал 9 мыңға жуық азамат, соның ішінде мүмкін-

дігі шектеулі азаматтар мен ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналары бизнес идеяларын жүзеге асыру үшін грант алды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа сапалы жоспарлау мен мемлекеттік инвестициялардың тиімділігін арттыру мақсатында әзірленген «Жобалардың инновациялық навигаторы» қанатқақты жобасы туралы баяндалды. Аталған жүйе мамандарға деген сұранысты талдап, болжайды, сондай-ақ жобалардың тиімділігіне мониторинг жасап, сапасын қадағалайды және үйлестіруді қамтамасыз етеді. Платформа қазірдің өзінде жалпы құны 33 триллион тенге болатын 755 инвестициялық жобаны сүйемелдеп отыр. Оны жүзеге асыру аясында 150 мыңға дейін жұмыс орнын құру жоспарланған. Навигатор қажетті еңбек ресурстары жок жауапсыз мердігерлерді анықтауға да мүмкіндік берді.

Министр еңбек жанжалдарының алдын алуға көмектесетін Еңбек тәуекелдерінің цифрлық картасының жұмысына тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік саясатты жетілдіру мен әлеумет және еңбек салаларындағы шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.



МӘСЕЛЕ

ОТАНДЫҚ СОТТЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ

Келесі жылы кезекті сот реформасы өмірге жолдама алады. Ол сот саласы тарихының жаңа бетін ашпақ. Себебі жүйеде түбегейлі өзгеріс жүреді. Мысалы, бұрын әділет қуған азаматтар Жоғарғы сотқа дейін жететін, енді бұған тоқтау салынды. Жоғарғы сот өте сирек жағдайда ұлттық, экономикалық қауіпсіздік сияқты ерекше істерді қарайтын болады. Жүйеде тағы не өзгереді?

(Жалғасы 4-бетте)



ЖЫЛЫЖАЙ ЖАЙҚАЛСА – ҚҰТ

Жыл он екі ай халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ететін жылыжайлардың жұмысы қоғамда жоғары маңызға ие. Бұл ретте елімізде жылыжай шаруашылығын дамыту мақсатында көптеген кешенді шаралар қолға алынып жатқаны белгілі. Дәйтұрғанмен, халық арасында екі маусымда елді көкөніс, бақша дақылдарымен қамтамасыз етуді көздейтіндердің жұмысына айтылар сын-ескертпелер аз емес.

→ 7



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

КОЛЛЕДЖДІ САТПАҚ БОЛҒАН КІМ?

Бұл хабарды естіген колледж басшылығы оқу орнының болашағына алаңдаулы. Бір қызығы, Батыс Қазақстан облыстық Жоғары медициналық колледжін сату туралы шешімді оқу орны басшылығының сыртынан қабылдап жіберген.



→ 3

ТАЛҒАМЫ БИИК БИ ТЕАТРЫ

Биді халықтың мәдениетін, ұлттық эстетикалық болмысын, мінез-құлқын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын әуенге ілесіміз бұралған нәзіктікке сыйдыра білген шеберлік десек болады.



→ 5

БАСПАСӨЗ-2025



АІОҰН

АІОҰН республикалық
қоғамдық-саяси газетіне
2025 жылға жазылу басталды

Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакциялық баға	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
				Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 - АІОҰН	6 ай 12 ай	10 500 21 000	15 871,08 31 742,16	11 854,86 23 709,72
Жеке жазылушылар үшін	65102 - АІОҰН	6 ай 12 ай	6 250 12 500	7604,46 15208,92	



Анықтама телефондары:

«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21



26 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ

СЕНАТ



ПАЛАТА ОТЫРЫСЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТТИ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 28 қарашада өтетін Сенат отырысының күн тәртібін белгіледі және палатаның іс-шаралар жоспарын іске асыру аясындағы міндеттерді пысықтады.

Отырыс барысында сенаторлар атап алатын жоспарға сәйкес осы аптада өтетін іс-шараларға тоқталды. Атап айтқанда, әскери білім және ғылым, оның ішінде түлектерді жұмысқа орналастыру, азаматтық авиацияны дамыту, «әлеуметтік әмиян» механизмін енгізу және Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында әлеуметтік аз қамтылған санаттағы азаматтарды қолдау жүйесін жетілдіру мәселелеріне арналған іс-шаралар өткізіледі.

Бекітілген күн тәртібіне сәйкес, алдағы бейсенбіде Сенат депутаттары «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өніміне арналған қоймалық куәліктерді шығару

(беру), олардың айналысы және өтелу қағидалары туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды. Келісім Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзара саудасы саласындағы ынтымақтастықты дамытуға арналған. Сондай-ақ аграрлық саланың табысын арттыруға және ауыл шаруашылығы тауарларының электрондық саудасын дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бюро отырысында бұған дейін Парламент Мәжілісінде қабылданған заңдар жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ ҚҰНЫ ҚЫМБАТТАЙ МА?

Мәжілістегі Үкімет сағатынан кейін Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев БАҚ өкілдеріне алдағы уақытта бензин бағасы өсуі мүмкін екенін айтып, оның себебін түсіндірді.

«Қазір біздегі нарықта тапшылық бар. Тапшылықты жабу және энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары атқарылып жатыр. Модернизацияны жүзеге асыру үшін салаға қаражат құю қажет. Мұнай өнімдерінің бағасына жабдықты сатып алу, техникалық қызмет көрсету мен өзге де шығындар, логистика, жаңа құбырлар мен теміржол инфрақұрылымын салуға тартылған несиелер кіреді. Осы жұмыстардың барлығы мұнай өнімдерінің базалық құнына әсер етеді», — деді А.Сәтқалиев.

Оның айтуынша, жанармайдың соңғы құны ішкі нарықтағы мұнай бағасының қандай межеде қалыптасуына байланысты.

«Қазір ішкі нарықтағы мұнай бағасы көршілес елдермен салыстырғанда ең төмен, мұнай өнімдерінің бағасы да төмен деп айта аламыз. Ал егер нарық ашылса, біздің арзан өнімдеріміз (көрші елдерге) тарап кетеді. Соның салдарынан жанар-жағармай бағасы күрт өсуі ықтимал», — деді министр.

Сонымен қатар ведомство басшысы елімізде жана мұнай өңдеу зауыты бағыс өңірде салынатынын мәлім етті.

«2030 жылдан кейін төртінші мұнай өңдеу зауытын салу жоспары бар. Бұл мұнай өңдейтін зауыт қана емес, сонымен қатар онда тұтас мұнай-газ өрі химиялық кешен қамтылады. Алдын ала талқылау барысында Батыс Қазақстан өңірін таңдадық», — деді А.Сәтқалиев.

Оның айтуынша, бұл зауытта жылына 10 млн тоннаға дейін мұнай өңделеді.

ҚАЙТАРЫЛҒАН ҚАРАЖАТҚА МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Заңсыз иемденілген активтер есебінен қайтарылған қаражатқа Атырау облысы Қызылқоға ауданы Жамансор ауылында 150 орындық мектеп салынады. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі мәлімдеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң шеңберінде Арнаулы мемлекеттік қор қаражаты есебінен еліміздің өңірлерінде әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру бойынша жұмыс жалғасуда.

«Үкімет Атырау облысы Қызылқоға ауданы Жамансор ауылында 150 орындық мектептің құрылысына 2 млрд теңге бөлу туралы шешім қабылдады. Қазір ауылда 60 орынға бейімделген ғимарат орналасқан бастауыш мектеп қана жұмыс істейді. Ата-аналары 4-сыныпты бітіргеннен кейін оқушыларды 60 шақырым қашықтағы Мақат ауданы Доссор кентінде орналасқан С.Шәріпов атындағы мектеп-интернатқа апаруға мәжбүр. Жоғары сынып оқушылары көршілес елді мекендерге қатынап оқиды. Жобаны іске асыру қорытындысы бойынша талаптарға және санитарлық нормаларға сәйкес балаларды сапалы оқыту үшін жағдай жасалатын болады» делінген хабарламада.

Бұған дейін Үкімет Ақмола облысының Зеренді ауылында спорт кешенін, Түркістан облысының Темірлан ауылында музыка мектебін, Арқалық қаласында дарынды спортшы балаларға арналған спорт кешенін, Астанада тірек-қимыл аппараты



бұзылған балаларға арналған оңалту орталығын, Алматыда ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған жаттығу орталығын, Ақтөбе қаласында ерекше балаларға арналған арнайы балабақша салу, Риддер қаласындағы көпсалалы аурухана кешенінің құрылысын аяқтау секілді жобаларды іске асыру үшін қаражат бөлу туралы шешім қабылдаған болатын. Аталған жұмыс жалғасуда.

Айта кетейік, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Шымкентте 18 мектеп салынатыны хабарланды.

МӘЖІЛІС

МҰНАЙ САЛАСЫН ДАМУ ТҮ МАҢЫЗДЫ

Мәжілісте вице-спикер Альберт Раудың төрағалығымен Үкімет сағаты өтті. Онда мұнай саласының қазіргі қызметі мен даму перспективалары талқыланды. Тақырып жөнінде Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев пен «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов баяндама жасады.



Отырысты ашқан Альберт Рау Мемлекет басшысы 2020 жылғы Жолдауында ұзаққа созылған мұнай дәуірі аяқталуы мүмкін екенін айтқанын еске салды. Осыған байланысты 2021 жылы қантарда Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент көмірсутек шикізатын қарқынды игеру үшін жана ынталандыру шараларын қабылдауды тапсырды.

— Тәуелсіздік жылдарында Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған сынды ірі өнеркәсіптік мұнай кен орындары игерілді. Қызылорда және Жамбыл облыстарында жана өндіріс орындары ашылды. Мұның бәрі мұнай өндіруді ұлғайтуға және экспорт әлеуетін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік беріп, экономикаға оң әсер етті. Дегенмен саланың дамуына кедергі келтіретін факторлар да бар. Бұл көмірсутек шикізатын өңдеуге жеткілікті қуаттың жоқтығы, мұнай-газ өңдеу және мұнай-химия кәсіпорындарындағы ескірген технологиялар, — деді Мәжіліс Төрағасының орынбасары.

Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиевтің айтуынша, мұнай-газ саласының жалпы ішкі өнім құрылымындағы үлесі шамамен 16 пайызды құрайды. Ол ел бюджетіне түсетін түсімдердің 28 пайыздан астамын және экономикадағы инвестицияның 15 пайыздан астамын қамтамасыз етеді.

— Мұнай-газ секторын шикізатқа бағдарланудан жоғары қосылған құны бар өнім өндіруге қайта бағдарлаудың бір бағыты — мұнай-химия саласын дамыту. 2024 жылдың 10 айында мұнай-химия өнімдерін өндіру көлемі 461 мың тоннаны құрады. Жыл соңында 530 мың тонна өнім өндіріледі деп болжанып отыр. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 1,5 есе артық, — деді Энергетика министрі.

Бұл ретте 2030 жылға қарай мұнай өндіруді 111,8 миллион тоннаға дейін, ал оны өңдеуді жылына 18 миллион тоннадан 28 миллион тоннаға дейін немесе жұмыс істеп тұрған мұнай өңдеу зауыттарын кеңейту есебінен 50 пайызға арттыру жоспарланған. 2030 жылы мұнай-химия өнімдерін өндіру көлемі 2,2 есе артады деп болжануда.

«ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов компания 2022 жылы қуаттылығы 500 мың тонна полипропилен өндіретін зауыт салғанын айтты. Бұл — елімізде іске асырылған алғашқы шикізаттан бастап дайын өнімге дейінгі толық циклді технологиялық кешен. Іске қосылғалы полипропилен импорты 63 пайыздан 17 пайызға дейін төмендеген.

Ал ішкі нарықтағы бағасы тоннасына 1400-ден 970 АҚШ долларына дейін төмендеді (КҚС-сыз). Қазір «ҚазМұнайГаз» Қазақстандағы барлық мұнай өндірудің 26 пайызын, мұнай тасымалдаудың 56 пайызын және мұнай өңдеудің 80 пайызын жүзеге асырады.

Мәжілістің Экология мәселелері және табиғатты пайдалану комитетінің төрағасы Еділ Жанбыршин қосымша баяндамасында бүгінде мемлекет есебінде 348 көмірсутек шикізатының кен орны бар екенін, еліміздегі мұнай қорының жалпы көлемі — 4,3 млрд тоннаны құрайтынын атап өтті. Сондай-ақ соңғы 25 жылда жүйелі, ауқымды геологиялық зерттеу-барлау жұмыстары жүргізілмегеніне тоқталды.

— Соңғы бес жылдағы мұнай қорларының өсімі орта есеппен 73 млн тоннаны құраса, өндіру көлемі — 80 млн тоннаға жетті. Яғни, мұнай қорының толығынан, өндіріміз қазірдің өзінде 7 млн тоннаға артық. Бұл — мұнай-газ саласындағы зерттеу жұмыстары мен өндірудің арасындағы дисбалансты нақты көрсетіп отыр. Геологи-

ялық барлаудың қазіргі баяу қарқыны мен мұнай өндірудің бүгінгі деңгейі сақталар болса, таяудағы 15 жылда еліміздің көмірсутек ресурстарының қоры таусылатыны анық, — деді Е.Жанбыршин.

Сонымен қатар комитет төрағасы геология, мұнай өндіру, шикі мұнайды өндіру және тасымалдау, энергетикалық және экологиялық қауіпсіздік, импортты алмастыруға қатысты өзекті мәселелерге тоқталып, сұрақтары мен оларды шешуге бағытталған ұсыныстарын айтты.

Талқылау барысында депутат Мархабат Жайымбетов Қазақстанда жыл сайын кездесетін битум тапшылығы мәселесіне тоқталды.

— Жылда елімізде битум тапшылығы болады. Мемлекет басшысы 2022 жылғы Жолдауында 90 млн тонна мұнай өндіретін ел үшін мұның ұят жағдай екенін атап өтіп, Үкіметке мәселені шешуді тапсырған еді. Әсіресе, шілде, тамыз айларында жол құрылысында үлкен тапшылық болады. Энергетика министрі өз баяндамасында жылына 500 мың тонна битумды Ресейден алатынымызды айтты. Мәселені қалай шешеміз? Құрамында битумы бар пайдалы қазба қорлары кен орындарын пайдалану үшін қандай шаралар қажет? — деп сұрады депутат.

Алмасадам Сәтқалиев Қазақстанда битум өндіруден төрт компания айналысатынын айтты. Олар жыл бойы 1,2 миллион тонна өнім өндіре алады. Негізгі тұтыну уақыты жазда жол құрылысы жұмыстары кезінде болғандықтан өндірушілер осы кезеңде толық қамтамасыз ете алмайды. Осыған байланысты ақпан айында битумға өтімін беруді бастау үшін құрылыс компанияларымен келісім жасалып, Көлік министрлігімен бірге тиеу кестесі әзірленген. Сондай-ақ зауыттарға жылы бөлмелерде сақтауға болатын қапталған битум шығару тапсырылды. Бұл ретте битум өндірісін жылына 1,45 млн тоннаға дейін арттыру жоспарланып отыр.

Сондай-ақ депутаттар Үкіметтің жауапты мүшелеріне мұнай өндіру қарқынын арттыру, ішкі нарықты мұнаймен қамтамасыз ету, мұнай өңдеу көлемін ұлғайту, жанар-жағармай тапшылығын болдырмау, көлік логистикасын жаңғырту, авиациялық жанармай бағасын төмендету және басқа да сұрақтарын қойды.

Талқылау нәтижесінде мәжілісмендер Үкіметке мұнай саласын дамыту бойынша ұсыныстарын айтты. Соның ішінде заңнамалық деңгейде жол құрылыс жұмыстарын және битум қоймасының инфрақұрылымын салуды қаржыландыру тәртібін өзгерту, маусымдық тапшылықты болдырмау мақсатымен мұнай өнімдерін сақтау үшін қосымша сыйымдылықтарды кеңейту немесе салу бойынша шаралар қабылдау мәселелері қозғалды.

Өз кезегінде депутат Әділ Жұбанов біздің кен орындарын дамытуға жауапкершілікті өз мойнына ала алатын отандық басқарушы компанияларды даярлаудың ұзақмерзімді стратегиясын әзірлеуді және саланы жоғары деңгейде басқаруға мамандар дайындауды қолға алуды ұсынды.

Сөз соңында Альберт Рау мемлекет алдында экономиканы көтеру міндеті тұрғанын, оны мұнай өндіруді арттыру арқылы шешу мүмкін еместігін атап өтті. Жетекші компаниялардың мұнай өңдеуге баса назар аударуы керектігін айтты. Бұл ретте геологиялық барлауға және ішкі нарықтағы тұрақтылыққа жеткілікті көңіл бөлінуі керек. Бұл мұнай өнеркәсібіндегі теңгерімсіздіктерді жойып, оның дұрыс дамуын қамтамасыз етеді.

Үкімет сағаты аясында Мәжілісте тақырыптық көрме өтіп, онда мұнай компаниялары өз қызметінің нәтижелері мен жоспарларымен бөлісті.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ – ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ



Қарағанды қаласында өткен ENBEK. BOLASHAQ. DAMU жастар слетінде «Еңбек адамы» концепциясын жүзеге асырудағы және Әділетті Қазақстанды құрудағы жастардың рөлі мен орны талқыланды. Бұл іс-шараға 500-ден астам делегат қатысты. Іс-шараға «Жастар Рухы» жастар қанаты мен «AMANAT» партиясының облыстық филиалы, Қарағанды облысының әкімдігі қолдау көрсетті.

Партияның сайлауалды бағдарламасында 2029 жылға дейін 2,3 миллион жас адамды жұмысқа орналастыру міндеті қойылғаны белгілі. Сондықтан «Жастар Рухы» 100 мыңнан астам қазақстандық жасты біріктіріп, жастарды жұмыспен қамту және оларды еңбек нарығына тиімді енгізу мәселелерімен жүйелі түрде айналысуда. «Жастар Рухы» төрағасы Агерке Искандерова атап өткендей, осындай слеттердің негізгі мақсаты – жастарға мемлекет ұсынатын мүмкіндіктерді жеткізу, жұмысшы мамандықтарының маңыздылығы мен мәртебесін айқындау, «ашық микрофон» форматында өзекті сұрақтарға жауап беру және жастардың әлеуеті мен таланттың ашуы.

«Бүгінгі алаңда жастарды қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды, соның ішінде жұмыспен қамту мәселелерін талқылап жатырмыз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жастардың еңбеккерлігін қолдаудың маңыздылығын бірнеше рет атап өтті және өзінің Жолдауында 2025 жылды – Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялады. Жұмысшы мамандықтары – қазіргі қоғамның негізі екенін түсіну маңызды. Негізгі назар кәсіби өсу мен даму үшін жағдай жасауға аударылады. Бұл бағытта «Жастар Рухы» «Жастарға жұмыс» жобасын жүзеге асырып, 30

мың жасқа жұмысқа орналасуға жолдама берді, 5 мыңнан астам жұмыс берушімен меморандумдар жасалды», – деді ол.

Агерке Искандерова атап өткеніндей, екі жыл ішінде Қазақстан бойынша «Жастарға жұмыс» жәрмеңкелеріне 160 мыңнан астам адам қатысты, ал тағы 30 мыңға жуық жас кәсіпкерлік үшін 2,5% жеңілдетілген несиелеу туралы консультациялар алды.

Жастар слетіне Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев та қатысып, аймақта жастарды қолдау мен дамыту бойынша атқарылып жатқан маңызды жұмыстарды атап өтті. Сонымен қатар ол оқу орындарының материалдық-техникалық базасын жақсарту мен кәсіби бағдар беру бағдарламаларын енгізуге ерекше назар аударды. Жастарға арналған жеңілдетілген ипотека туралы да айтылды, бұл жас мамандарға тұрғын үй мәселелерін шешуге көмектеседі.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан – талантты жастардың елі. Ертен сіздер елімізді әлемге танытасыздар. Ал бүгін біз сіздердің дамуларыңыз үшін барлық жағдайды жасауымыз қажет», – деді. Бұл тек сөздер емес, бұл біздің бірге жүзеге асыратын жоспар. Біздің облысымыз жұмыс күшін тартуға белсенді қатысуда, басқа аймақтардан мамандар келуде. Бізде

Қарағандыда Саран мен «Сарыарқа» индустриалды аймағы бар. Жұмыс істеуден қорықпаңыздар, ең бастысы, ниет болуы керек, бізде жұмыс орындары көп», – деп атап өтті ол.

«AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков Қарағанды облысының индустриалды аймақ екеніне, мұнда жұмысшы мамандықтары мен инженерлік салалардың маңызы зор екеніне тоқталды.

«Осы салаларда өздеріңізді көрсете аласыздар және еліміздің экономикалық дамуына үлес қосасыздар. Біз сіздерге көмектесу үшін жеңілдіктер бағдарламасын дамытуды, жана жобалар әзірлеуді және әлеуеттеріңізді жүзеге асыруға жағдай жасауды жалғастырамыз. Бірақ ұмытпаңыздар, табыс – тек нәтиже емес, әр күнгі еңбек және қиындықтарға қарамастан алға жылжу. Сіздер – біздің өңіріміздің, еліміздің болашағысыздар. Біз сіздерге сенеміз және әрқашан қолдауға, бағыттауға және көмектесуге дайын екенімізді біліп жүргендеріңізді қалаймын», – деді ол.

Слет делегаттары «Кәсіби бағдарлау – табысты болашаққа қадам»; «Адал адам – адал еңбек, адал табыс»; «Нашақорлықпен күрес»; «Кибер-алаяқтық: қауіпсіздік қағидағы» тақырыптары бойынша оқу сессияларына қатысты.

Сонымен қатар слет аясында Саран индустриалды аймағына экскурсия ұйымдастырылды. Делегаттар автобус және арнайы техникалар шығаратын QazTechna, KamaTyresKz автокөлік дөңгелектері зауытымен, Silk Road Electronics тұрмыстық техника зауытымен танысып, болашақ мамандығын таңдау бойынша өздеріне шешім қабылдауға мүмкіндік алды.

Karaganda Buketov University студенті Диана Мұстафина жастардың жұмыс іздеуі кейде қиындық тудыратынын айтты, өйткені түлектердің көбінде еңбек өтілі жоқ, сол себепті мұндай шаралар жастар үшін өте пайдалы.

«Мен осындай ірі кәсіпорындар туралы қажетті ақпарат білмеген едім. Сонымен қатар шара аясында көптеген қызықты адаммен таныстым. Мұндай слеттер өте маңызды, себебі жастар қолдауды сезініп, дамуға мүмкіндіктерін көреді», – деді ол.

Іс-шара соңында Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, «AMANAT» партиясы облыстық филиалы жанындағы Жастар кеңесінің төрағасы Аскар Оразбеков өңірдегі ең белсенді жастар көшбасшыларына 100 мың теңге көлеміндегі арнайы сыйақыларды табыс етті.

Слет қорытындысы бойынша өңірдегі жастар саясатының дамуына арналған негізгі бағыттар анықталған резолюция қабылданды.

М.ІЛТИПАТҚЫЗЫ

ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖИЫНЫ ӨТТІ

«AMANAT» партиясы Алматы облыстық және Қарасай аудандық филиалдары жанындағы Партиялық бақылау комиссияларының бірлескен отырысы өтті.



Жиынға облыстық Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Аманкелді Сембаев пен аудандық комиссия мүшелері қатысты.

Күн тәртібінде көрсетілген бірінші мәселе Қарасай ауданының тұрғыны облыстық Партиялық бақылау комиссиясының төрағасынан көмек сұрап келген, яғни тұрғынның мәселесі жер дауы. Төраға аталған мәселені назарына алып, аудан әкімдігіне тапсырма берді.

Екінші сұрақ бойынша аудан әкімінің орынбасары Рустам Атшабаров партияның аудандық сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2023 – 2027 жылдарға арналған Жол картасының аясында салынып жатқан нысандар бойынша баяндалды.

Ал үшінші мәселе Іргелі ауылдық округіне қарасты Көксай ауылындағы 11 квартал тұрғындарының жол ашу мәселесі бойынша ауыл әкімі Арман Камалбек даудың туындау себебін толықтай түсіндіріп, аталған мәселенің уақытша шешілгенін жеткізді. Алайда мәселе сот процесінің шешімімен ғана толығымен шешілетінін айтып өтті.

Комиссия мүшелері аталған мәселені толығымен тыңдап, Партиялық бақылау комиссиясының назарына алды.

Сондай-ақ «Қарызыз қоғам» жобасы бойынша 2024 жылы атқарылған жұмысы талқыланды. Осы арада аудан әкімінің орынбасары жоба аясында бірқатар ұсынысын айтып, комиссия мүшелері өз тараптарынан қолдау білдірді. Айта кету керек, күн тәртібінде көтерілген мәселелер толықтай қаралып, комиссия мүшелерінің ұсыныс-пікірлері тыңдалды. Отырыс аясында барлық сұраққа жауап беріліп, тиісті шешімдер қабылданды.

Әсет ҚАЛИ

КОЛЛЕДЖДІ САТПАҚ БОЛҒАН КІМ?

Бұл хабарды естіген колледж басшылығы оқу орнының болашағына алаңдаулы. Бір қызығы, Батыс Қазақстан облыстық Жоғары медициналық колледжін сату туралы шешімді оқу орны басшылығының сыртынан қабылдап жіберген. Колледждің басқарма төрағасы Хамидолла Ирменов бұл хабарды ұзынқұлақтан бір-ақ естіпті. Кейін бұл өсек әңгіменің жайдан-жай шықпай, шынымен аукционға колледждің шыққанын бір-ақ көрген. Жоғары медициналық колледжін басқарма төрағасы Хамидолла Ирменовтың сөзінше, колледж жұмыс бұған қарсы.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

«БҚО-дағы жалғыз мемлекеттік медициналық колледжді жекеге сатпақшы» деген сыбыс осыдан 2-3 ай бұрын шықты. Басында жай сөз, әңгіме шығар деп мән бермедік. Бірақ бұл жай әңгіме болмай шықты. Облыстағы ең мықты мамандарды тәрбиелеп отырған медициналық оқу орнын жеке кәсіпкерге беру не үшін қажет болды? Мамандар даярлау ісі қалай болады? Сапа жоғалып кетпей ме?

Ойымыздағы бір бума сұрақпен біз «Батыс Қазақстан Жоғары медициналық колледжі» ЖШС басшылығына келдік. Ойымыз – колледждің бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысу.

Облыстағы медициналық колледждің 100 жылдық тарихы бар. Бұл – жалпы Қазақстан тарихындағы медициналық білім беруді бастаған алғашқы оқу орны. Колледж өз жұмысын 1916 жылы бастаған.

БҚО Жоғары медициналық колледжінде қазір 1 653 студент білім алып жатыр. Колледж 7 мамандық, 8 біліктілік бойынша білім мен тәрбие береді.

Медициналық колледж директорының орынбасары Мәншүк Аймурзиева бізге колледждің іші-сыртын түгел аралатып көрсетті.

– Студенттердің білім алуына барлық жағдай жасалған. Бұл жерде өте бай кітап қоры бар. Және соңғы 5 жылда өзіміздің ғалымдарымыз медициналық тақырыптарға жазған бірнеше кітабы бар. Спортзал,

теннис залы, зертханалық жұмыстар істеуге арналған орындар бар. Біз соңғы жылдары техникалық базамызды нығайтып жатырмыз. Студенттерге алған білімі түсінікті болуы үшін робот манекендер алдық. Бұл ақпараттық жүйеге қосылды. Роботтар жүрек, асқазан секілді ішкі органдарды зерттеп көрсетуге арналған. Егер студент алған білімін дұрыс түсінбеген болып, аппаратты қате қосса немесе инені қате салса, бұл роботтар «Ауыртып жатыр, жайлатсаншы» деп айқайлайды. Ал анау тұрған әйел робот құлды босанып жатқан әйелдей айқайлап, баланы «дүниеге әкеледі», – деп атап өтті Мәншүк Аймурзиева.

Біз колледж қабырғасына кірген бойда «Медициналық колледжде қаржылай қиындық бар ма? Сіздер өз шығындарыңызды жауып отырсыздар ма?» деген сұрақ қойдық. Бұл сұраққа Жоғары медициналық колледжін басқарма төрағасы Хамидолла Ирменов өзі жауап берді.

– Біздің колледжде ешқандай проблема жоқ. Құдайға шүкір, бәрі бар, жетеді. Бала санынан ешқандай проблема болған емес. Студент те жетеді, техникалық базамыз да бар. Мені ешкім шақырып сіз басқаратын колледжді сатамыз деп айтқан жоқ, алдыма да келген емес. Бұл әңгімені сырттан естіп отырмын. Біздің сыртымыздан шешім шығарып, порталға салып сатып отыр. Біз, әрине қарсылық таныттық, комиссия құрамында болған басқа да азаматтар қарсы болып жатыр. Себебі бұл – медицина мамандарын дайындайтын оқу орны. Ертен кім сатып алады, қандай адам сатып алады, мамандардың



болашағы не болады? Бізді осы сұрақтар алаңдатады. Бұған дейін екі аукцион өтті. Әзірге ешкім сатып алмады, – деді Хамидолла Ирменов.

Студент саны демеуші, бүгінде колледжде 2000-ға жуық студент оқиды. Мүның ішінде 736 студент мемлекеттік грант негізінде білім алса, 917 студент ақылы негізде білім алып отыр.

Жалпы, жоғары медициналық колледжді сату туралы әңгіме осыдан үш-төрт жыл бұрын да айтылыпты. Ол кезде жоспар бойынша колледжді Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті сатып алуы керек болыпты.

– Бұл әңгіме осыдан 3-4 жыл бұрын да көтерілген еді. Колледжді жекеге сату керек пе, керек емес пе, мұны бізден ешкім сұрап жатқан жоқ. Біздің бар білетіміміз – «бұл нарық заңы» деді. Біз сол кезде Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетімен келісімшартқа отырдық. Жоспар бойынша олар үш жылдан кейін бізді сатып алып, өз құрамына қосу керек болған еді. Өкінішке қарай, Қазақ ұлттық медицина университетінің басшылық құрамы ауысып кетіп, біздің жобаны тоқтатып тастады, – дейді Хамидолла Ирменов.

Біз БҚО Денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметіне хабарластық. «Колледжді не үшін сатып жатырсыздар?» деген сауалға не басқарма, не облыстық әкімдік жауап берген жоқ. Басында басқарма әкімдікке сілтеді, әкімдік кері басқармаға сілтеді.

Кейін бұл шешім жоғарыдан, яғни Үкімет жактан қабылданған. «Біз бұл сұраққа жауап бере алмаймыз» деп құтылды.

«ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 «Жекешелендірудің 2021 – 2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» және Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 12 маусымдағы №136 қаулысына сәйкес ЖШС-ның жарғылық капиталындағы мемлекеттің 100% қатысу үлесі 2024 жылы жекешелендіруге жатады» – біздің қолымызға осындай қаулы түсті. Ұзын-шұбақ сөйлемнен тұратын қаулыны БҚО әкімдігі қабылдаған. Әрі 2024 жылы жекешелендіруі тиіс дегендей емеурін бар. Мемлекет меншігіндегі медициналық колледжді сату туралы қаулы бар, шешім шығып қойған. Тек атқарушы орган «не үшін сатасыздар?» деген сұраққа жауап бере алмай отыр.

Біз БҚО Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасына

хабарластық. Біздің сұрағымызға жауап берген Фарид Токтасынова есімді маман «Біз жекешелендіру ісіне қатысты құжаттармен ғана айналысамыз. Яғни, тек ұйымдастыру жұмыстарына жауап береміз. Колледжді сату туралы шешімді шығарған біз емес. Оның неге сатылып жатқанын да білмейміз» деп жауап берді.

БҚО Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы Жоғары медициналық колледждің сатылуына шыққанын растады. Бұған дейін екі аукцион өтіпті. Тек сатып алушы табылмағандықтан, аукцион тоқтатылған.

– Тәуелсіз бағалаушы ұсынған жекешелендіру объектісінің құны 1,2 млрд-тан астам теңгені, кепілдік жарна 110 млн-нан астам теңгені құрады. Тендер ашық, мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталында өтеді. Басқармамен ұйымдастырылған бірінші және екінші тендер 2024 жылдың 24 қазаны мен 20 қараша күні болып, қатысушылар болмауына байланысты өткізілімеді деп танылды. Объектіні үшінші тендерге шығару туралы қорытынды шешім жекешелендіру жөніндегі комиссиясымен жақын уақытта қабылданады. Колледжді сатып алған адам 50 жыл бойына осы бағыттағы білім беруді жалғастыруға міндеттеледі, – делінген БҚО Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасынан келген жауапхатта.

Жоғары медициналық колледжін басқарма төрағасы Хамидолла Ирменов екінші аукционда колледж құны 600 млн-ға дейін түскенін атап өтті. Енді үшінші аукцион кезінде баға тағы 50 пайызға түсуі мүмкін.

Сонда бірғасырлық тарихы бар, облыстағы ең мықты медицина мамандарын даярлап отырған оқу орны бар болғаны 300 млн-ға сатылып кете ме деген сұрақ туады. Өкінішке қарай, біздің бұл сұрағымызға ешкім жауап бермей отыр. Тіпті, «медициналық колледж неге сатылады?» деген сауалымызға да жауап таба алмадық.

РУХАНИЯТ

26 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ

Би өнері – талғам мен сезімді, жинақылық пен нәзіктікті қимыл арқылы суреттей алатын бекзат өнер. Сондай-ақ биді халықтың мәдениетін, ұлттың эстетикалық болмысын, мінез-құлқын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын әуенге ілесе мың бұралған нәзіктікке сыйдыра білген шеберлік десек болады. Қазақтың би өнері ықылм заманның өзінде-ақ белгілі бір мән мен мағынаға ие болғанын білеміз. Мәселен, бақсылық-балгерлік бағыттағы шипагерлік қимыл-қозғалыстарда би элементтерінің бар екенін аңғару қиын емес. Сондықтан қазақ өнерінің киелі тармағы саналатын бидің де дәуірлер тізбегінде түрленіп, дамып отыруы заңдылық.



Би өнері – адамның ішкі жан дүниесін тазартып, рухани әлемін өлемілікке толтыратын, эстетикалық талғамын толықтыратын саф өнер. Алайда «театр ұжымының астанадағы мекенжайы құрқылтайдың ұясындай ғана шағын», – дейді «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі, тарихшы, этнограф, театр жанашыры Тұрар Сәттарқызы.

– Жердің бір жері – сонау Көкталда орналасқан театр ғимараты өте тар. Бишілері көрермен отыратын жерде дайындалады, билеген кезде сахнаға соғылып қала ма деп жанұшырып отырамыз. Аядай ғана аумақта орналасқан театр ұжымы әлемді аузына қаратқан өнер тудырып жүргенін ескеруіміз керек. Мемлекеттік, тіпті халықаралық деңгейдегі іс-шаралар «Наз»-сыз өтпейді. Халқымыздың терең философиялық ой-ірімдерін тоғыстыра суреттей отырып, тарихи танымдық маңызы зор өнер туындыларын дүниеге әкелген театрдың ұлттық киімге деген талғамы ерекше. Бұл – ансамбль емес, үлкен жеке театр. Қала шетінде орналасқандықтан қойылымдарына көрермен жиі бара бермейді. «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігі мен «Наз» театры үнемі шығармашылық, рухани-мәдени байланыста. Былтыр «Қара шаңырақ»-тың бастамасымен қол жинап, министрлікке хат жаздық. Әлі нәтиже бола қойған жоқ. Театрға ұлттық статус, ғимарат берілуі керек. Театр ұжымының шығармашылық ізденісі ғылыми еңбек жазғанмен тең десек, артық айтпаймыз. Бір сахналық қойылым жасау үшін архивтерді ақтарып, ұлттық мұраларды таңуға ерекше назар аударады. Ұжымның ұлт руханияты үшін жанкештілігі, еңбекқорлығына, өз ісіне деген сүйіспеншілігіне таңғаласың! «Наздың» әр біі, әр қойылымы – ұлтымыздың фольклоры, этнографиясы мен тарихынан мол мағлұмат беретінін айтуымыз керек, – дейді Тұрар Сәттарқызы.

Тіпті, сахналық киімдерінің өзін тарихи құжаттар негізіне сүйене отырып, ұлттың байырғы киім кию мәдениетімен астаыра қыстық, жаздық, күз, көктем мезгілдеріне сай талғаммен өрнектей білу ел көлемінде «Наз» би театрына ғана тән үрдіс екенін айтады этнограф. Театрдың көркемдік жетекшісі әрі бас балетмейстері Қадияша Ағымбаеваның айтуынша, театр бишілерінің сахналық костюмдері денеге жағымды, ауа өткізгіш, сапалы, табиғи маталардан тігеледі.

– Ұлттық киім деп, әр жеріне алабажақ ою салып, жылтыраған дүние емес, өзіміздің төл киімізді кигіземіз. Заманауилыққа, шоуға бой ұрмай, барынша фольклордан, түп-тамырымыздан, халық биінің әліпбиінен алыстамаймыз. Баскиімге салатын оюды балаққа, балаққа салатын оюды жағаға салып, адаспаймыз. Костюмді заманмен тоғыстырамыз, яғни бұл дегеніміз – қазіргі заманғы сапалы маталар, былғарыны, барқыты жана шаңырақтарды, әшекейлер мен тастарды пайдалану. Ал қазақтың ою-өрнегінің түпнұсқасын бұзбаймыз. Қазақтың әр ою-өрнегінің өзіндік сыры, ойы, терең мағынасы бар екенін ұжымдағы қыз-жігіттерге үнемі айтып отырамыз, – деді Қадияша Ағымбаева.

Ал кез келген өнер ұжымы үшін көрерменнің бағасынан артық баға жоқ десек, «Наз» туралы көрерменнің де айтары көп.

– «Наз» мемлекеттік би театры – бабалар аманатын аркалап, ХХІ ғасырда жана бағытта, жана ізденістердің арқасында тың қадамдар жасап, би өнерінің жана сұрлеуін салған еліміздегі іргелі өнер ұжымының бірі. Басқа би театрларынан айырмашылығы – театр репертуары қазақ тарихын, фольклорын, музыкасын, этнографиясын көрсетіп, қазақ сахналық билерін белес шыңдарына көтеріп келеді. 25 жылдық мерейтойына арнайы шақырылғаным бек қуаныштымын. Себебі бала күнімде небір сахналарда қазақ би өнерін паш етіп жүргендердің бірі едім. Бүгін сол бір киелі өнердің «жілігін шағып, майын ішкен» Шара Жиенқұловадай апайларымын шәкірттерімен бірге болып, би өнерінің майталмандарымен қауыштым, – деді «Бота» қоланат орталығының жетекшісі Бота Баманқызы.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Кеше ғана 25 жылдық мерейтойын тойлаған «Наз» мемлекеттік би театры – ұлтымыздың өрнекті өнерін өркендетуде өз қолтанбасы бар үлкен ұжым. Би театры ұлттық би өнерінің ізін жалғай, заманауи үнімен үндесе жаңаша қадам, тың идеяларымен ширек ғасыр сахнада өзіндік соны соқпағын сала білді. Өз елімізде ғана емес, шет мемлекеттер сахнасында да көрермен көзайымына айналып, еліміздің мәртебесін биіктетті. Бүгінде тарихқа айналған ұмытылмас кездер көрме болып ашылып, кітап болып басылып, шашу болып шашылды.

Астанадағы Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында өткен мерейтойға қазақ хореографиясының майталмандары мен мемлекет және қоғам қайраткерлері, театр артистері қатысты. Мерейтойлық қойылым ретінде тандалған «Алдар көсе» хореографиялық спектаклінің премьерасына халық көп жиналды. Бұл хореографиялық спектакль – «Наз» би театрының ХХV маусымдағы ірі жобаларының бірі. Көрермен көзайымына айналған спектакльдің айтары көп. Жаксылық пен жамандық, жомарттық пен сарандық, достық, махаббат хикаяларына құрылған қойылымның қазақ фольклоры мен этнографиясын насихаттаудағы орны бөлек. Салтанатты рәсім барысында театр

ТАЛҒАМЫ БИІК БИ ТЕАТРЫ

театр хореографтары өз қойылымдарында романтикалық нәзіктік пен драмалық шиеленістен бастап, кең ауқымды эмоциялар мен терең сезімдерге дейінгі түрлі оқиғаларды көрсетуге жетті. Театр бірнеше буын хореографтар мен орындаушыларды тәрбиелеп, олардың еңбектері арқылы театрдың даңқты дәстүрлерін жалғастырып келеді. Театрдың жетістігі мен құпиясы да, бәлкім, осы адалдық пен шеберлікте жатқан шығар, – дейді Еркебұлан Ағымбаев.

Қажырлы еңбек пен толассыз ізденістің арқасында толайым табыстарға жеткен «Наз» ансамблі 1999 жылы астаналық филармония жанынан 4 биші қыздан шағын ансамбль ретінде құрылып, бүгінде «мемлекеттік театр» деген статусы бар үлкен өнер ордасына айналды. Астанамен түйдей құрдас театр туралы ойын ортаға салған елордамыздың мәдени-рухани дамуына зор үлес қосып, қаланың мәдениет кеңістігінде айрықша орын алды. Спектакльдерде классикалық балеттен бастап,

азаматтар мен әртістердің естеліктеріне құрылған, әдеби көркем шығарма емес.

– «Осы кітапты жазсаң» деген ұсынысқа бір жыл ойланып, әрең келістім. Келіспеген себебім, аз уақытта материал жинап, оны қағазға түсіру, түсіну, қорытынды шығару оңай емес. Ал келіскен себебім, өзім қызмет ете жүріп, жан-дүниенің осы әлеммен тұтасып, шабыт алып, әртістердің жанкештілігіне таңғалып, өз бағасын ала алмаған кездерінде қарны ашып, жүрегің сыздайды екен. Сондықтан аз болса да, осы театрдың дамуына өз үлесімді қосып, көзқарасымды білдіргім келді. Қазақ өнерінің жанашыры, аңыз адам Өзбекәлі Жәнібековтің шекпенінен шығып, тәрбиесін көрген, өнерді шын түсініп, бағалай білетін би өнерінің майталмандары Қадияша, Еркебұлан Ағымбаевтардың Ө.Жәнібековтен көрген ұлағатын өз тәжірибелеріне арқау етіп, үлкен ұжым құруы кездейсоқтық емес. Өз-ағанның аты бекерге аталып отырған жоқ. Қазақ өнерінің, оның ішінде жоғалуға шақ қалған би өнеріне жанашырлық танытып, 1985 жылы Алматы облыстық атқару комитетінде қызмет атқарып жүрген кезінде мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-этнограф, ғалым Ө.Жәнібековтің тікелей қолдауымен «Алтынай» би ансамблі құрылған еді. Сол ансамбльдің құрамында балеттан ерлі-зайыпты Ағымбаевтар Шара Жиенқұлова, Әубәкір Ысмайлов, Дәурен Әбіров, Ольга Всеволодская-Голушквичтің би қойғандарын көзімен көріп өскен. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Фазиза Әбдиева, Мәдениет

ҚР Дипломатиясына еңбегі сіңген қайраткер Сайлау Батыршаұлы, ҚР еңбек сіңірген әртісі Бекболат Байсағатов, ҚР Мәдениет қайраткері Оспан Сүлейменұлы да айтып, лайықты бағаларын берді.

Жалпы, қазақ би өнерінің тарих беттерін парактар болсақ, «Наз» мемлекеттік би театры елімізде ашылған алғашқы кәсіби би театры екенін көреміз. Сондықтан болар «25 жылдық белес» атты көрме «Наз» би театрының ғана емес, тұтас қазақ би өнерінің қалыптасу, даму жолының шежіресін сөйлестірмей әсер қалдырды. Көрмеде «Фотосуреттер», «Премьералар мен концерттер», «Сахналық костюмдер» атты бөлімдерге қойылған әрбір жәдігер би өнерінің тарихымызды дәріптеп, көркем туындылармен жұртшылықты рухани сусындатудың ықпалды құралы екенін дәлелдеді. Сондай-ақ әр мемлекетке барған гастрольдік сапарлар мен байқауларда сыйға алған кәдесыйлар мен театр артистерінің өздері тұтыған реквизиттер де билің халық үшін қаншалықты құндылыққа ие екенін ұқтыра түскендей болды.

Ал халқымыздың арғы-бергі би тарихын сараптап, талдап, осы өнер саласындағы ізденістер мен талпыныстарды, жеңістер мен жетістіктері, мақсат пен міндеттерді және шешілуі тиіс мәселелерді талқылаған дөңгелек үстелдің жөні бөлек. ҚР Білім беру ісінің үздігі, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Гайниқамал Бейсенова, философия ғылымдарының докторы, профессор, Шымкент қаласы саз колледжінің директоры Сералы Тлеу-

Қажырлы еңбек пен толассыз ізденістің арқасында толайым табыстарға жеткен «Наз» ансамблі 1999 жылы астаналық филармония жанынан 4 биші қыздан шағын ансамбль ретінде құрылып, бүгінде «мемлекеттік театр» деген статусы бар үлкен өнер ордасына айналды.

қайраткері Дана Мырзабекова, Үсен Мақанов пен Тойған Ізім, Талғат Қылышбаев, Айгүл Құлбековалармен бір ұжымда еңбек етіп, би өнерінің қайнарынан тікелей сусындаған нағыз мамандар. «Наз» мемлекеттік би театры – халық биін тұңғыш кәсіби сахнаға шығарған Ысқақ Бижыбаев, Шара Жиенқұлова, Әубәкір Ысмайлов, Дәурен Әбіров сынды хас шеберлер идеясының ХХІ ғасырда іске асып, кемелденген түрі, – деді Толқын Сұлтан.

Кітаптың «Наз» би театры үшін ғана емес, тұтас қазақтың би өнеріне олжа салған ұлт рухы үшін маңызды дүние екенін өз кезегінде сөз алған философия ғылымдарының докторы, профессор,

баев, «Абай» атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінің қауымдасқан профессоры, ҚР Мәдениет қайраткері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Талант Жамбылұлы, Ж.Тәшенов атындағы университеттің «Өнер» кафедрасы менгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Балжан Тлеубаева, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, өнертану кандидаты, ҚР Мәдениет саласының үздігі Қарлығаш Айтқалиева, өнертану ғылымдарының кандидаты, Халықаралық театр сыншылары ассоциациясының мүшесі Гүлнәр Жұмасейітова, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, Қызылорда облыстық филармониясының «Томирис» би ансамблінің бас балетмейстері Гүлбану Мырзабаева, М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті мәдениет және өнер кафедрасының аға оқытушысы, педагогика магистрі Хадия Караматуллаева баяндама жасап, «Наз» мемлекеттік би театрының шығармашылық еңбек жолының ғылым саласындағы алар орны қандай деген сұрақ төңірегінде пікір алмасып, талқыға салды.

PS:

Қала сыртында, орталықтан алыс болғандықтан көрермен келе қоймайды дегенімізбен, театрдың жастар арасындағы өзекті тақырыптарды көтеріп, тәрбиелік мәні зор қойылымдар қоятынын көзі қарақты көрермен біледі. Мәселен, «Ақ пен Қара» хореографиялық спектаклі, «У-сана» атты хореографиялық қойылым кәзіргі қоғамдағы өзекті тақырыпты қозғайды. Балалардың гаджетке тәуелділігі салдарынан туындайтын келесіздіктерді би тілімен өрнектейді. Қазіргі көрермен талғамына сай мәдениетіміз бен өнерімізді, руханиятымызды дәріптеп, ұрпақаралық сабақтастықты жалғастырып, ұлттық құндылықтарымыздың жаршысы болып, қоғамдағы өзекті мәселелерді де биге арқау етіп жүрген театрдың алар асуы әлі де биік.



тойына арналған толассыз құттықтаулар мен ізгі тілектерге толы хаттар оқылып, мерейтойдың мерейін асырды.

«Наз» мемлекеттік би театрының директоры Еркебұлан Ағымбаевтың айтуынша, театр ұжымы – қазақтың мыңжылдық тарихын, көне өркеніеті мен мәдениетін хореография тілінде сөйлетіп жүрген кәсіби мамандар.

– Театрдың басты ұстанымдарының бірі – қазақ фольклоры мен этнографиясын насихаттау болса, қойылымда қазақтың тұрмыс-салт жырлары, дәстүрлері де көрініс табады. Жалпы, «Наз» мемлекеттік би театры соңғы жылдары қазақ хореографиясында ерекше орын ала отырып, тек танымалдыққа ғана қол жеткізбей, сонымен қатар көрерменнің сүйіспеншілігіне бөленді. Театр шығармашылығы Қазақстанда ғана емес, халықаралық деңгейде де танылды. Осы уақыт ішінде

заманауи би бағыттарына дейінгі жанрлардың әртүрлілігін көруге болады. Театрдың хореографтары нәзік сезімді бейнелейтін көріністерден бастап тарихи-драмалық шиеленіске толы кең ауқымды эмоцияларды жеткізе алатын хореографиялық спектакльдерді сахналады.

25 жыл – тарих. Ізденіс, талпыныс, даму және өткенді салмақтап, сәл аялдап, келер күнге керемет жоспарлар жасайтын уақыт. Сондықтан тарих таңбаланып, жоспарлар талқыланады емес пе?! Осы орайда елордалық Ұлттық музейде «Наз» мемлекеттік би театры – ұлттық бидің феномені» атты дөңгелек үстел өтті. «25 жылдық белес» атты көрме ұйымдастырылып, кітаптың тұсауы кесілді. Би театры туралы жазылған алғашқы кітап авторы Толқын Сұлтаннның айтуынша, кітап мазмұны нақты деректерге сүйеніп, «Наз» театрының қалыптасуына ықпал еткен



ПАРАСАТ

26 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ

ТОПЫРАҚТАНУ ТАРЛАНЫ

Биыл ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі Серік Кененбаев 70 жасқа толып, мерейтойын тойлағалы отыр. Қазақстанның ауылшаруашылық ғылымында ерекше орны бар азаматтың ғылым жолындағы алғашқы қадамдары, студенттік өмірі жайлы естелік жазуды жөн көрдім.

Арман қуып, білім іздеп Қазақстанның түкпір-түкпірінен әсем қала Алматыға келген 50 қыз-жігіт 1972 жылдың жазында Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақтың мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтының Топырақтану және агрохимия факультетіне студент болып қабылданды. 29 тамыз күні институтқа түскен 900 студентті Талдықорған облысы Гвардия ауданына ауылшаруашылық жұмысына – картоп жинауға жіберді. Содан 40 күндей жұмыс істеп, 11 қазанда Алматыға қайттық. Бұл мерзім біздің студенттердің бір-бірін жақсы таныуына, білуіне, достасуына жағдай туғызды, бір қазаннан ас ішіп, бір баракта жаттық. Курста екі ғана топ болған соң барлығымыз бірге жүрдік, арасында әскерден келгендер, өндірісте жұмыс істегендер және мектепті жана бітіргендер болды. Жас айырмасына қарамастан біздің курс студенттері өте ұйымшыл, белсенді болып шықты, бес жыл тату-тәтті жүріп, оқуды ойдағыдай бітірдік. 50 жылдай уақыт өтсе де, көпшілігіміз әлі күнге дейін бір-бірімізбен хабарласып, жағдай сұрасып тұрамыз. Бір үзім нанды бөліп жеп, бес жыл бойы бір-біріне қамқор болып жүрген студенттік өмірдегі достардың әрқайсысының орны бөлек. Солардың бірі, курсмыздың мақтаншы, Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Топырақтану және агрохимия зертханасының бас ғылыми қызметкері, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі және Моңғол аграрлық ғылымдар академиясының академигі Серік Бәрменбекұлы биыл 70 жасқа толып, мерейтойын тойлағалы отыр.

Нағыз азаматқа сипаттама бергенде «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп жатады, ол қара басын ғана ойламайтын, ағайын-туыс, бауырларға, достарға қамқор болатын. Секең сияқты тұлғаларға арналған деп есептеймін. Оқу бітіріп жан-жаққа тараған курстастар қай жақта жүрсе де, жарты қасырдай уақыт өтсе де бір-бірімізге тілек-тес болып, құлағамызды түріп, елендеп, достар туралы жағымды жаналықтар күтіп жүреміз. Мобильді байланыс жоқ кезде хабарларды, әрине орталықтан, яғни Алматыдан, Серіктер арқылы алып тұратынымыз, себебі жолы түсіп Алматыға барғандардың

мандай тірейтіні Серік Бәрменбекұлы болғандықтан, барлық ақпарат сол орталыққа жиналып, сол жақтан тарайтын.

Секең Жамбыл облысы Шу ауданына қарасты Белбасар ауылында, қарапайым отбасында дүниеге келген. Кәдімгі ауыл баласы болып шаңды бұрқыратып, талшыбықты ат қылып мініп ойнаған, шөп шауып, бақша егіп, мал бағып, ата-анасына қолғабыс беріп жүрсе де, оқуға зерек болып, мектепті үздік бітірген. Орта мектепті бітірген жылы аяқастынан науқастанып, жоғары оқу орнына бара алмай қалғандықтан, бір жыл шаруашылықта жұмыс істейді.



Келесі жылы, яғни 1972 жылы барлығымыз бірге оқуға түстік. Студент Серік институт табалдырығын аттаған бойда өзінің алға қойған мақсатына ұмтылысымен, оқуға деген ықыласымен ерекшеленді.

Оқу картоп жинаудан басталғанын айтып өттім, еңбекке қызу араласып кеттік, берілген тапсырма-жоспар күніне әр студентке 700 келі жинау болса, біз оны асыра орындап жүрдік, әр топ күніне 25-30 тонна картопты автокөліктерге тиіп жіберіп тұрдық. Әрине, мұндай даладағы дене еңбегі және барактағы өмір кімнің кім екенін анықтауға, толық біліп түсінуге мүмкіндік берді. Осы кезден алдыңғы саптағы жігіттердің арасында Серік те болды. Көп сөйлемейді, жұмысты ойдағыдай атқарады, досқа адал, қак-



соқпен жұмысы жоқ, өтіріктен аулақ. Барлығымыз Секеңнің айналасында болуға тырыстық. Оның басқа да жақсы қасиеттері институт аудиториясына келіп, сабақ басталғанда көріне бастады. Қағаз-қаламы әрқашан дайын, алдыңғы қатарға отырып, оқытушының әрбір сөзіне, қимылына мән беріп, ұғынуға тырысатын. Соның арқасында институтты қызыл дипломмен, үздік бітіріп шықты.

Бірінші курстың аяғында маусым айында Ботаника және Геодезия пәндерінен үш апталық оқу практикасын өту үшін

қатарында Секең, мен болдым, содан пісіп, шынығып шыққан шығармыз.

Секең «Топырақтану» кафедрасы бойынша практикаға 3-4 курстан соң Талдықорған облысында экспедицияда болды, ал мен 4-курстан соң Талдықорған аймақтық агрохимия лабораториясында төрт ай болдым. Бір облыста жүрген соң анда-санда кездесіп тұрдық, Талдықорғанда әскерде Азамат деген Секеңнің кластасы болды, сол жерде көптеген солдат жігіттермен бірге жүріп, практика уақытын қызықты өткіздік.

Қырғызстанның Ыстық көл жағалауындағы институтымыздың тынығу лагерінде болдық. Бұл да бір студенттік кезеңнің есте қаларлық бақыты сәттерінің бірі болды. Шілде айында «Жалын» студенттік механикаландырылған отряд құрамында Торғай облысы Есіл ауданы Комсомол кеңшарының 30 мың гектар бидай егісін жинауға қатысып, қазан айында сабаққа кірістік. Секең тың өлкенің астығын жинауда да алғы шептен көріне білді. Екінші курстан соң Алматы қаласының құрылыс мекемесінде екі айдай жұмыс істедік, ол кезде солдаттар мен студенттер арзан еңбек қолы еді ғой, қайда жұмсаса сонда баратын. Азын-аулақ тиын-тебен беретін, сылтау айтпай, өтірік анықтама жинамай бәріне толық қатысатындардың

Институт бітірер кезде министрлік уәкілдері келіп бітірушілерді жұмысқа бөлген кезде Серік пен Амандық Бадауов «ВИСХАГИ» институтының Алматы филиалына жіберілген. Мен туған ауылыма келіп, Қазақ ССР-інің 50 жылдығы атындағы кеңшарға аға агроном қызметіне орналастым. 2-3 ай өткен соң ВДНХ-ға іссапармен Алматыға келіп, жігіттерді іздеп «ВИСХАГИ»-ге барсам, оларды КазГипроземге жіберіпті. Сұрастырып іздеп жүріп тауып алдым, сол мекеменің топырақты қалпына келтіру бөлімінде мамандықтары бойынша жұмыс істеп, қасындағы жатақханада тұрады екен.

Секең ол жерде алты айдай қызмет істеп, Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасына топырақ-

тану мамандығы бойынша оқуға түсті. Міне, сол уақыттан бері 45 жылдан астам уақыт өтті, Секеңнің ғылымдағы өмір жолы осы Қазақтың аграрлық ғылымының қара шаңырағымен тығыз байланысты болып келеді. Серік Бәрменбекұлы аспиранттан үлкен ғылыми орталықтың бас директорына дейін өсіп, «ҚазАгроИнновация» АҚ вице-президенті, содан соң президенті болып, Қазақстанның аграрлық ғылымын үш жылдай басқарып отырды. Секең өзі білім алған Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде кафедра меңгерушісі, ғылым департаментінің басшысы қызметтерін атқарып, көптеген ғылым кандидаты мен докторын тәрбиелеп шығарды.

2004 жылы Секең алғаш рет Сыр өңіріне ат басын бұрып, қасиетті жердің топырағын басты. Мен ол кезде Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын «Ауыл шаруашылығы өндірісінің технологиясы» кафедрасының меңгерушісі болатынымын. Агрономия мамандығы бойынша мемлекеттік аттестаттау комиссиясы төрағасына Қазақ картоп және көкөніс-бақша институтының директоры Серік Бәрменбекұлының кандидатурасын ұсынғанбыз, ұсынысты министрлік бекітіп, ақпан айында Секең Сыр бойының бас қаласы Қызылордаға келді. Жоспар бойынша жұмыс жүргізді, бірнеше күн студенттермен, жас ғалымдармен кездесіп, дәріс оқыды. Алматыға оралысымен Секең құрамына бірнеше ғылыми-зерттеу институты кіретін ірі ғылыми-орталыққа басшы болып тағайындалды. Содан кейін Секең әрдайым Сыр еліндегі бата қабыл болды, қасиетті жер ғой деп жүретін. Кейін Қызылордаға келіп халықаралық конференция өткізді, «ҚазАгроИнновация» АҚ президенті болған кезде Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ФЗИ-дың хал-жағдайымен, күріш проблемалары жайлы кеңестерге жиі келіп, Сыр өңірін көптеген дос, пікірлестерін тапты.

Секең – бұл күнде агрономия саласындағы еліміздегі жетекші ғалымдарының бірі. Оның басшылығымен және тікелей қатысуымен Қазақстанның қара, күнгірт қара-қоңыр, сұр топырақтарында интенсификациялық факторларды: ауыспалы егіс, топырақты өңдеу, шөп егу, сидерация, органикалық және минералды тыңайтқыштарды ұзақмерзімді игеруде топырақ құнарлығының аймақтық трансформациялық ерекшеліктері зерттелді. Қазақстандағы егіншіліктің аймақтық агроландшафты жүйесін жетілдіру негізінде қара, күнгірт қара-қоңыр, сұр топырақтардың құнарлығын онтайландыру практикалық өндіріске енгізілді, топырақтардың құнарлығының моделін құрды және топырақтың құралуының табиғи және антропогендік ерекшеліктерін ашатын теориялық маңызын анықтады. Секең Қазақстанның топырақтану, егіншілік бағытындағы ғылымын дамыту үшін және халық шаруашылығының экономикасын көтеру бағытында аянбай еңбек етуде.

Ибадулла ТАУТЕНОВ,
профессор

ӘР АУЫЛДА ТАЗА СУ БОЛУЫ КЕРЕК

Алматы облысында елді мекендерді сумен жабдықтау жүйесін дамыту арқылы ауылдың барлығына таза ауызсу жеткізу бағытында нақты істер атқарылуда. Дәл қазір облыс тұрғындары сапалы ауызсумен қамтамасыз ету – күн тәртібіндегі ең басты міндеттердің бірі. Соған сай аталған міндетті жүзеге асыру мақсатында облыс әкімдігі қалалар мен ауылдардағы сумен жабдықтау жүйесін жақсарту бойынша ауқымды жобаларды жүзеге асыруда.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

Өңірдегі облыстық деңгейдегі (Алатау, Қонаев) және 3 аудандық маңызы бар (Қаскелең, Есік және Талғар) қалаларындағы тұрғындарды орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету 99,8%-ға жеткен. Сондықтан мұндай ірі елді мекендерде таза суға қатысты мәселе жоқ деуге болады. Дегенмен көктемгі және күзгі жауын-шашынды кездері судың лайланып кетуіне қатысты жағдайлардың кездесіп қалатынын жасыруға болмайды. Алдағы уақытта мұндай келенсіздіктерді мүлде болдырмаудың жолдары қарастырылуда.

Ал облыстағы үлкенді-кішілі 368 ауылдық елді мекеннің 343 ауылы (93,2%) орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген. Тағы 23 ауыл тұрғындары (6,3%) дербес ұңғымалар арқылы су алады. Ал 2 ауылдың халқы (0,5%) тасымалданатын сумен қамтамасыз етіледі.

Өңірдегі сумен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы 5 128 шақырым болса, бүгінде оның 53,5%-ы (2 743 шақырым) тозған және тез арада қайта жаңғыртуды талап етеді. Қазір осы тозығы жеткен және кез келген уақытта істен шығуы мүмкін желілерді жаңғырту және қайта төсеу жұмыстары атқарылуда. 2023 жылы 54 шақырым топтық су құбыры қоса алғанда

260,6 шақырым су құбыры жаңғыртылып, жаңадан салынды. Соның нәтижесінде 45 213 адам сапалы ауызсуға қол жеткізді. Биыл да бұл бағытта қыруар шаруа атқарылуда. Жыл соңына дейін 13 нысанның құрылысы аяқталуы керек. Тағы 42 жобаны іске асыру 2025 жылы жалғасатын болады.

Судың сапасы және бақылау жүйесіне келер болсақ, орталықтандырылған су құбыры бар елді мекендердегі ауызсудың сапасы санитарлық нормаларға сәйкес келеді. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті жүйелі түрде бақылау жүргізіп отырады.

Бүгінде Алматы облысында «Әрбір елді мекенде таза ауызсу» ұлттық жобасы қолға алынған. Аталған жоба ауқымында 2 қала және 79 ауылдық елді мекенде ауызсу желілерді қайта жанарту жүзеге асырылып, 6 ауылда жана сумен қамтамасыз ету жүйесінің құрылысы жүргізілуде тиісті. Соның нәтижесінде 498 шақырым су құбыры жаңғыртылады және салынып, су желілерінің тозу деңгейі 47%-ға дейін төмендейді. Ойға алғандар толық орындалса, биыл ауылдық елді мекендердің 95%-ы орталықтандырылған ауызсумен қамтамасыз етіліп, келер жылдың соңына дейін бұл көрсеткіш 99,6%-ға жеткізіледі.

Былтыр Алматы облысында басты мақсаты тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту және «Инвестицияларға



Өңірдегі сумен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы 5 128 шақырым болса, бүгінде оның 53,5%-ы (2 743 шақырым) тозған және тез арада қайта жаңғыртуды талап етеді. Қазір осы тозығы жеткен және кез келген уақытта істен шығуы мүмкін желілерді жаңғырту және қайта төсеу жұмыстары атқарылуда.

айырбастау тарифі» бағдарламасын іске асыру болып саналатын Alatau Public Utilities ЖШС құрылды. Аталған компания

қызметінің негізгі бағыттары: сумен жабдықтау және су бұру бойынша бірыңғай оператор құру; сумен жабдықтау жүйесін

цифрландыру; қатты тұрмыстық қалдықтарды басқарудың өңірлік жүйесін ұйымдастыру; зираттардың орналасуы және оларды есепке алу; жылумен жабдықтау бойынша бірыңғай оператор құру.

Жалпы, соңғы жылдары облыста халықты таза ауызсумен қамтамасыз ету жүйесін дамыту бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде. Мұндағы негізгі мақсат – халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және әлеуметтік тұрақтылықты нығайту. Жоспарланған жобаларды іске асыру облыс тұрғындарының көпшілігін таза және үздіксіз ауызсумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

АЙМАҚ

26 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ



Биыл Жамбыл облысының құрылғанына – 85 жыл. Ғасырға жуық уақытта аймақ дамудың даңғыл жолына түскені жасырын емес. Өндіріс өркендеп, кәсіпорындардың көкжиегі кеңейді. Әлеуметтің әлеуеті артып, тұрғындардың тұрмысы түзелді. Оны біз емес, 85 жылдық мерейтойға орай аймаққа арнайы ат ізін салған мәртебелі меймандар айтып, беделіміз бен абыройымызды тағы бір асқақтатты.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

85 жылдық торқалы той ең әуелі ғылыми-тәжірибелік конференциямен түндігін түрді. Келелі басқосуға Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев қатысып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сәлемдемесін жеткізіп, жамбылдықтарды мерейтоймен құттықтады.

Жамбыл облысы ұлттық дінгеміздің алтын қазығы саналады. Қасиетті Әулиеата жерінде елдігіміздің тірегі болған құндылықтарымыз бен төл тарихымыз калыптасты. Жамбыл облысының бүгінгі тынысы Президенттің жеке бақылауында тұр. Өңірдің ауыл шаруашылығы саласы алдыңғы қатарда. Соңғы жылдардағы химия мен тамақ өндірісі саласындағы көрсеткіштер көңіл қуантады. Құрылыс саласы да қарқын алып, қолкабатты тұрғын үйлер көптеп бой көтеруде. Спорт саласындағы жетістіктер өзге өңірлерге карағанда көш ілгері. Білім мен ғылым саласындағы жетістіктер болса, республикалық деңгеймен шектелмей, халықаралық және әлемдік деңгейге шығып отыр. Бұл сөз жоқ, облыс дамудың даңғыл жолына түскенін айғақтайды.

Осы орайда жамбылдықтарды 85 жылдық мерейтоймен құттықтай отырып,

ТҮРЛЕНГЕН, ТҮЛЕГЕН ТАРАЗ



отбасыларына амандық, өмір жолдарына тек табыс пен береке тілеймін, — деді ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев.

Бұдан кейін сөз алған облыс әкімі Ербол Қарашөкеев өңірдің өткені мен бүгінге, ертеңі мен келешегіне тоқталды. — Жамбыл өңірі — тасын түртсе, тарихы көрінетін аймақ. Қасиетті өлкеде Түркі қағанаты мен Ислам мәдениетінің негізі қаланып, Қазақ хандығының алтын қазығы қағылды. Тарихымызды айшықтаған Мұхаммед Хайдар Дулати, Манас жырының кейіпкері Манас батыр өмірінің көп бөлігі осы өңірде өткені тарих парағынан белгілі.

Облыс орталығы Тараз қаласының да шежіресі тереннен сыр шертеді.

Көне шаһар — мәдениет пен өркениеттің ордасы. Бір кездері Ұлы Жібек жолының торабындағы Тараз «саудагерлер қаласы» атанып, Батыс пен Шығыс мәдениетін байланыстырды. Бүгінде Жамбыл облысы алыс-жақын мемлекеттермен достық қарым-қатынас орнатып, мәдени-гуманитарлық, сауда-саттық байланысын нығайту үстінде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Тәуелсіз мемлекеттер

достастығы елдерінің кеңесінде «Достастық жәрменкесін» Таразда өткізуді ұсынуы бекер емес деп есептейміз. Бұл қасиетті Жамбыл өңірінің халықаралық аренада одан әрі танылуына ықпал ететіні сөзсіз. Әулиеата жері шайырларымен, орақтілі шешендерімен, саз балшықтан сәулет өрген шеберлерімен, ғұлама ойшылдарымен, шежірелі қарттарымен және адал да ақкөңіл еңбеккер жандарымен мақтана алады.

Жарқын істердің, берекелі бастамалардың жаршысы болған Жамбыл облысының келешегі кемел, болашағы бұдан да баянды болатынына сенімім зор.

Бірлігі мен тірлігі жарасқан мерейлі мекеннің 85 жылдық тойы құтты болсын! — деді облыс әкімі.

Өз кезегінде Жапония мемлекеті «Нара» ұлттық мәдени мұра мен ұлттық мәдени құндылықтарды зерттеу институтының PhD докторы Садакатцу Кунитакен

Облыстың 85 жылдығы аясында ұйымдастырылған «Туған өлкем — Жамбылым!» атты республикалық байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлері де осы күні құрметтелді. Ал «Мәдениет — асыл қазына» мәдениет күндерінің қорытындысы бойынша үздік деп танылған Жамбыл мен Талас аудандарының шығармашылық ұжымына автокөлік сыйға тартылды.

Осылайша, облыс орталығында салтанатты шаралар мерейтой көркін қыздырып жатқанда, Жамбыл ауданы Бектөбе ауылындағы атшабарда шабандоздар ат тұяғының дүбірін қоздырды. «Әулиеата жүйрігі» атты ашық турнирде өңірлерден келген 200-ге жуық атбегілер «Аламан» мен «Құнан» бәйгеде сынға түсті.

Алғашқы аламан «Құнан» бәйге жарысында қордайлық 12 жастағы шабандоз Алтынбек Жантөре мінген Еркеторы арғымағы шашасына шаң жуытпады.

ұйымдастырылған «Құнан» бәйгеде бірінші келіп, қуантып отыр.

Негізі, бұл жүйрікті Ресей елінен арнайы алдырғанмын. Алдағы уақытта шәкіртімің шеберлігі шыңдалып, талай жарыста топ жарады деп сенемін, — дейді атбегі.



жапон-казак археологиялық экспедициясы хақында сөз қозғаса, Түркия елінен келген профессор Абдуллах Гүндөгүду орта ғасырлардағы Талас пен Анатоли арасындағы өркениет қатынастары туралы ойларын ортаға салды.

Бұдан кейін мерекелік той «Көне Тараз» тарихи-этномәдени кешеніндегі шарамен жалғасты. Мұнда құрметті қонақтар алдымен мерейтойға орай тігінген ақшанқай киіз үйлерді аралап, қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары, музыка өнері мен колөнер бұйымдары, сондай-ақ ұлттық дәмдері қойылған көрмені тамашалады. Ал облыстық тарихи-өлкетану музейі археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған алтын және керамикалық бұйымдарды, ежелгі руна жазуының көшірмелерін көпшілік назарына ұсынды.

Көрме залында сондай-ақ өңірдегі айтулы оқиғалар, экономикалық өсімдер мен түрлі саладағы талайым жетістіктер топтастырылған бейнефильм жиналған қауымға көрсетілді.

Бұдан бөлек, осы күні Жамбыл облысының тарихы мен рухани мұрасына негізделген «Тараз өркениет өрмдерінің куәгері» және «Қарахан мен Айша: ғылыми деректер мен аңыздар» кітаптарының тұсауы кесілді.

Шара барысында Президент Жарлығына сәйкес түрлі сала мамандарына «Парасат», «Құрмет», III дәрежелі «Еңбек Данқы» ордендері, «Ерен еңбегі үшін» медалі және Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алыс хаты салтанатты түрде табыс етілді. Сонымен қатар кәсібилігімен көзге түсіп, еңбекте зор жауапкершілік танытқан азаматтарға «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» белгісі мен облыс әкімінің Құрмет грамотасы берілді.



Алтынбек 9 жасынан бастап ұстазы Сәкен Мұратұлының тәрбиелеуімен жүйрік жаратып жүр екен. Ұстазы шәкірті Алтынбек пен арғымағы Еркеторының болашағы баянды екеніне бек сенімді.

— Кіл мықтылар сынға түскен жарысқа Қордай ауданы Кенен ауылынан келдік. Жылқы баптап, жүйрік жаратып жүргеніме бар-жоғы бір жылдың жүзі болды. Еркеторы тұлпары төрт айға жуық уақыт бапталды. «Алуан- алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» демекші, алыс немесе жақын қашықтыққа шабатын тұлпарлардың бапталуы да әртүрлі. Кез келген жылқы бәйге жолының қашықтығына қарай бапталғаны дұрыс. Бәйгеге қосатын атты дұрыс жемдеп, дұрыс жарату — басты міндет. Егер тұлпардың тілін түсініп, лайықты баптай алмасаң, жүйріктің бағы таяды. Бұған дейін біз баптаған Еркеторы тұлпарымыз Талдықорған мен Отарда өткен жарысқа қатысқан еді. Ал енді бүгін Әулиеатаның мерейтойына орай

Бұл күні атшабарда «Аламан» бәйгенің де жүлдесі сарапқа салынды.

35 шақырымды құрайтын 12 жарым айналымнан тұратын бұл сында Шығыс Қазақстан облысының Құршім ауданынан келген Көксерек атты тұлпарды тізгіндеген Нұрел Елесов жүзден жүйрік шықты.

Жалпы, қос бәйгенің жүлде қоры 11 миллион 900 мың теңгені құраса, «Аламан» бәйгеде топ жарған шабандоз 3 миллион 600 мың теңгені иеленіп, «Құнан» бәйгенің жеңімпазы 1 миллион 800 мың теңгені қанжығалады.

Осылайша, Жамбыл облысының 85 жылдық мерейтойы бар салтанатымен дүркіреп өтті. Әрине, «тойдың болғанынан болары қызық» демекші, мерейтой алдында түрлі пікірлер айтылғаны рас. Алайда өңірдің торқалы тойы тиісті деңгейде ұйымдастырылып, жұдырықша жұмылған жамбылдықтардың бірлігін тағы бір мәрте танытты.

ЖЫЛЫЖАЙ ЖАЙҚАЛСА – ҚҰТ

Жыл он екі ай халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ететін жылыжайлардың жұмысы қоғамда жоғары маңызға ие. Бұл ретте елімізде жылыжай шаруашылығын дамыту мақсатында көптеген кешенді шаралар қолға алынып жатқаны белгілі. Дейтұрғанмен, халық арасында екі маусымда елді көкөніс, бақша дақылдарымен қамтамасыз етуді көздейтіндердің жұмысына айтылар сын-ескертпелер аз емес.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Сыр өңірінде де жылыжайлар санын көбейтіп, көл-көсір өнім алуды көздейтін көптеген шаруалар атқарылып жатыр. Алайда әрбір атқарылған жұмыс оң нәтижемен өлшенетіні белгілі. Бұл тұрғыда өңірде арагидік «әттеген-ай» дейтін тұстар қылтып көрініп қалып жатады.

Көп жағдайда қоғамда жылыжай шаруашылығы көбейіп, бәсекелестік қалыптаса, өнім бағасы арзандап, халықтың қалтасына салмақ салмайтын еді деген түсінік бар. Бұл — заңдылық. Бірақ бүгінде елімізде аталмыш шаруашылықты ілгерілетуге ниеттілер қатары аз болмағанымен, өнім бағасы халықтың көңілін көншітпейтіні жасырын емес.

Жылыжай шаруашылығын жандандыруға бетбұрыс жасап, кейіннен игі бастамасы аяқсыз қалған жайттар ел арасында кездесіп қалады. Соның айғағындай, бұған дейін Сыр өңірінде қараусыз қалған жылыжай кешенінің күйі көпті толғандырғаны мәлім. Бір кездері қыруар қаржыға іргесі қаланған кешеннің бүгінде жетімнің күйін кешіп тұрғаны шынында да күмәнді ойларға жетелейді.

Нақты айтқанда, бұл келеңсіздік Қызылорда қаласының іргесіндегі «Ягодка»

сайжайында болғаны ең алғаш әлеуметтік желіде жарияланған еді. Бастапқыда қаз-қатар тізілген сәулетті жылыжай кешенінің кейіннен жұлым-жұлымы шыққан кейпі алаңдатады.

Кейіннен бұл шаруа 2012 жылы бастау алғаны жария болды. Жоба әу баста халықты арзан бағада көкөніс өнімдерімен қамтамасыз етуге негізделген. Алайда игі бастама жар ортасында тоқтап қалған. Бұл шаруа қыруар қаржыны талап ететіні айтпаса да түсінікті. Мәліметке сәйкес, 120 жылыжайдан тұратын кешенді салуға 700 млн-ға жуық қаражат жұмсалғаны да мәлім болды. Алайда жоспарлы жұмыстар жүйелі жүргізілмей, кейіннен кешен қараусыз қалып тұр.

Сол уақытта халықты арзан өніммен қамтамасыз етуге негізделген бірегей жобаны жүзеге асыруға бастамашыл болған Аграрлық несиелік компаниясының Қызылорда облыстық филиалынан мәселенің мән-жайын да анықтаған едік. Белгілі болғандай, филиал тарапынан жылыжай құрылысын жүргізуге ниет білдірген кәсіпкерлер лизинг шартымен қарастырылған төлемдерді өтей алмауына байланысты сотқа талап-арыз беру жұмыстары жүргізіліп жатқаны белгілі болды. Сонымен қатар жылыжай жұмысын қайта жалғастыру үшін техникалық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, жобаны толық аяқтау үшін қосымша қаржы қажет екені нақтыланғаны да ай-



тылды. Әзірге соттағы талап-арыздың шешімі күтіліп, соған сәйкес жобаны қайта жалғастыруға ниетті инвесторларды іздестіру жұмыстары жүргізілетіні тілге тиек болды. Бірақ әлі күнге дейін жылыжай кешені қараусыз, «қу кетті, іс бітпедінің» күйін кешіп тұр. Оның қашан жалғасатыны әлі де беймәлім күйде қалып тұрғанға ұқсайды. Жалпы, осындай келеңсіздіктер жылыжай шаруашылығын дөңгелетуге кері әсерін тигізіп жатады.

Негізінен, өңірде жылыжай жұмысын жандандырып, көкөнісін көркейтіп отырған кәсіпкерлер де жоқ емес. Жылыжай жұмысын жандандыруға өз үлестерін қосып жатқан мұндай кәсіпкерлердің еңбегі көпке үлгі.

«Бүгінде аймақта жалпы көлемі 12,1 гектарды құрайтын 21 жылыжай жұмыс істейді. Соңғы жылдары бұл жылыжайлардан 8 мың тоннадан астам көкөніс



өнімі жиналды. Қарқынды жұмыс жүргізіп жатқан жылыжайлар да бар. Осы орайда, АӨК цифрландыру және ішкі нарықты көкөніс өнімдерімен маусымдық кезеңде қамтамасыз ету мақсатында жалпы көлемі 2 гектарды құрайтын «КазАгроМир» ЖШС-ның автоматтандырылған жылыжай кешенін ерекше атап өтуге болады. Бұл жылыжай цифрландырылған жоғары технологиялық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар жылыжайда өсірілетін көкөністердің жыл бойына температурасы реттеліп, суару, тыңайтқыштарды беру процестері

автоматты түрде жүргізіледі. Бұдан бөлек, 2023 жылы облыста жеңілдетілген несиелер арқылы жылыжайлар салу мақсатында «Ауыл аманаты» жобасы аясында 34 жылыжай іске қосылды. Осындай игі жұмыстар өңірді көкөніс өнімдерімен табиғи және тиімді бағада қамтамасыз етуге септігін тигізетін болады», — деп түсіндірді бұл жайында Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының егіншілік бөлімінің басшысы Асылжан Жарылқасынов.

Соңғы жылдары жылыжай ісін дамытуға мектептер мен жоғары оқу орындарының да қосып жатқан үлесін жоққа

шығаруға болмас. Әсіресе, Сыр өңіріндегі іргелі оқу орындары жанынан ашылып, жүйелі жұмыс істеп жатқан жылыжай кешендерін көргенде жүрегіне жылылық ұялайды.

Жалпы, жылыжай жұмысын ілгерілету де оңай шаруа емес. Оған құйылатын қыруар қаржыны айтпағанның өзінде, мол өнім алу мақсатында күтіп-баптау мен топырағын қунарландыру жұмыстары қажырлы еңбек пен табандылықты қажет ететіні айтпаса да түсінікті. Ал жылыжайымыз жайқалса, елдің ырзық-несібесі молая түсері сөзсіз.

26 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ

FARABI – 90: УНИВЕРСИТЕТТИҢ ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?



А Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Биыл еліміздің дамуына сүбелі үлес қосқан талай білікті кадрларды даярлап шығарған қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне – 90 жыл. Қазір білім ордасы торқалы тоқсан жылдығы аясында университет ішінде біршама ауқымды іс-шараны жүзеге асырып келеді. Соның бірі таяуда ғана өткен – «Farabi – 90» баспасөз-туры. Төртінші билік өкілдерінің басын қосқан жиында ҚазҰУ-дың бүгінгі тынысы, қолға алынған бірлескен жаңа жобалар мен атқарылған істердің нәтижесі таныстырылды.

Ең алдымен сапар нүктесі ҚазҰУ қалашығында орналасқан Farabi Hub инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығынан басталды. Заманауи үлгіде жасакталған ғимаратта креативті индустрия, жасанды интеллект және стартап жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік қарастырылған. Бір қызығы, жалпы ауданы 5 мың шаршы метрді құрайтын хабта әлемге танымал ZTE, BASF, Binlin технологиялық корпорациясы мен өзге де шетелдік компаниялардың орталықтары, университет базасындағы ғылыми-зерттеу институттары орналасқан.

Ел экономикасының дамуына күш салатын сапалы мамандарды дайындап шығаруда, ең алдымен, оқу орнының ғылыми әлеуеті маңызды. Білім беру саласындағы осындай маңызды тетіктерді қамтыған университетте қазір «Тұрақты даму және табиғатты ұтымды пайдалану» орталығы жұмыс істейді. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша жасыл технология әзірлеуді мақсат тұтқан ғылыми орталыққа 10 инновациялық зертхана кіреді. Мұнда климат және модельдеу, цифрлық картография және колданбалы геодезия, GlobalSky тұрақты туризм, су ресурстарының сапасын, ландшафттардың деградациясын геоапараттық талдау, сондай-ақ экологиялық қауіпсіздік, топырақ экологиясы, қоршаған ортаны бақылау жұмыстарын жүзеге асырады. Орталықта



орналасқан әрбір зертхананың мақсаты мен белгіленген қызметтері бар.

Ғылымды өрістетуге бағытталған кезекті орталық – «Жерді қашықтан зондау технологиясы» деп аталатын қазақ-қытай зертханасы. Мамандардың айтуынша, бірлескен зертхана Орталық Азия деңгейінде жұмыс істейтін, сонымен қоса табиғи ресурстарына мониторинг жүргізе алатын жалғыз орталық саналады. Зертханада Орталық Азия өңіріндегі климаттың өзгеруі нәтижесінде болған су тапшылығы, жердің құнарсыздануы, құрғақшылық және тағы басқа экологиялық бағыттағы өзекті мәселелерге мониторинг жүргізіледі. Одан бөлек, қашықтан бақылау арқылы аймақтағы табиғи қауіпсіздік алдын ала ескеріледі. Бұл экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпал етеді. Мамандар зертханада жүзеге асырылған зерттеулер



нәтижесі Қазақстан, Қытай және Орталық Азия үшін халықаралық ресурстық және экологиялық платформа құруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Баспасөз-туры барысында журналистер Farabi суперкомпьютер орталығының негізгі қызметімен танысты. Өткенге шегініс жасасак, 2019 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің кездесуі нәтижесінде елімізге суперкомпьютер әкелу туралы келісімге қол қойылған еді. Биыл Си Цзиньпиннің Қазақстанға ресми сапары барысында екі мемлекет басшысы Орталық Азиядағы ең жоғары суперкомпьютерді ҚазҰУ-ға орнату туралы шешім қабылдады.

Технологиялық құрылыс бірнеше маңызды функцияларды атқаруға мүмкіндік береді. Нақтырақ айтсақ, құрылысның көмегімен ғалымдар деректердің үлкен көлемімен жұмыс істей аласа, екіншіден, суперкомпьютер орталығы мемлекеттік органдардың түрлі жағдайын модельдеуге, үшіншіден, елдің IT-инфрақұрылымын өркендетуге көмектеседі. Аталған технологиялық құрылыс әлемдегі ең үздік 600 суперкомпьютердің тізіміне енеді. Университет мамандары жоғары өнімділігі 1,94 PFLOPS құрайтын қуатты құрылыс жасанды интеллект технологияларын, университет қызметінің негізгі бағыттары бойынша ғылымды қажетсінетін есептеулерді жасау, IoT-объектілерді басқару және ұйымдастыру, Smart-технологиялар объектілерін басқару жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу үшін пайдаланылатын жеткізді.

Сондай-ақ БАҚ өкілдері оқу орнында жанадан ашылған Farabi Chem Science кластерінің қызмет барысын көрді. Құрамына 9 зертхана кіретін кластердің негізгі бағыты химия мен материалтану саласындағы озық зерттеулерді дамытуға бағытталған. Қазір Chemical Coating Innovations ғылыми-өндірістік орталығының ғалымдары кәдесыйлар мен зергерлік бұйымдарын өңдеп, арнайы гальваникалық қаптамалар шығарумен айналысады. Ал гальваникалық қаптама өнімнің қызмет ету мерзімін ұзартуға әсер етеді. Ғалымдар бұл әдіс өнімді тат басудан қорғау үшін тиімді тәсіл екенін айтады.

Университеттің баспасөз қызметінің мәліметінше, бүгінде ҚазҰУ ғалымдары 400-ге жуық жобаны жүзеге асырып келеді. Жобаның жалпы құны 32 млрд теңгені құрайды. ҚазҰУ ғалымдары 2025 жылы Қытайдың Солтүстік-Батыс политехникалық университетімен бірлесіп ғарышқа микроспутник ұшыруды жоспарлап отыр.



ӘСКЕРИ СПОРТШЫЛАР 3 АЛТЫН ОЛЖАЛАДЫ

Арменияда грек-рим және еркін күрестен өткен 37-ші әлем чемпионатында әскерилердің қоржыны жеті медальмен толықты.

Халықаралық әскери спорт кеңесі (CISM) ұйымдастырған біріншілік Карен Демирчян атындағы спорттық-концерттік кешенде өтті. Оған әлемнің 24 елінен 400 спортшы қатысты. Қазақстан құрамасы атынан еркін және грек-рим күресі бойынша 17 балуан мықтылығын сыңға салды.

Бұған дейін де қазақстандық құраманың Еревандағы сайыстарын мәлімдеген болатынбыз. Еркін күрестен ең жоғары чемпиондық марапатты ефрейтор Мейіржан Әшіров (70 келі) жеңіп алды. Кола медальдарды грек-рим күресінен кіші сержант Айдоос Сұлтанғали – 60 келі салмақта және Карулы Күштердің қызметкері Светлана Анкичева – әйелдер күресінен (50 келі) еншіледі.

Келесі күндері ел қоржыны тағы екі алтынмен және қола медальдармен толықты.


Қарулы Күштің қызметкері Камилъ Куруғлиев 97 келі салмақ дәрежесінде Үндістан мен Монғолиядан келген спортшыларды жеңді. Шешуші белдесуде ол Ираннан келген қарсыласынан басым түсті.

Грек-рим күресінен ефрейтор Әлімхан Сыздықов ирандық балуанмен соңғы белдесуде өзінің артықшылығын дәлелдеп, әлем чемпионы атанды.

Қазақстан Қорғаныс министрлігі Армия орталық спорт клубы құрамасының 86 келі салмағында еркін күрестен сыңға түскен Рүстем Мырзағалиев пен әйелдер күресінен (55 келі) Марина Седняя Қазақстан құрамасының қоржынын қола жүлделермен толықтыра түсті.

ШАЙДОРОВ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

Мәнерлеп сырғанаушы Михаил Шайдоров күміс жүлдеге ие болды.



Қытайдың Чунцин қаласында өткен Гран-при жарысында жерлесіміз қысқа бағдарламада 93.21 ұпай, ал еркін сайыста 182.96 балл жинады.

Қос жаттығу қорытындысы бойынша 276 ұпаймен екінші орынға табан тіреді. Михаил еркін бағдарламада үш айналым аксель және төрт айналым тулупты қатар секіріп, мәнерлеп сырғанаудағы ең қиын элементті орындады. Ол – бұл қасқатты секірген алғашқы мәнерлеп сырғанаушы.

1. Шун Сато (Жапония) – 278,48 ұпай
2. Михаил Шайдоров (Қазақстан) – 276,17

3. Адам Сяо Хим Фа (Франция) – 252,53

15 елден 60 спортшы бақ сынаған бәсекеде жапониялық Шун Сато жеңіске жетті. Үздік үштікті француз спортшысы түйіндеді. Былтыр ұлттық құрама көшбасшысы Шайдоров осы жарыстың қола жүлдегері атанған болатын.

СЕМСЕРЛЕСУДЕН ҮШІНШІ ОРЫН АЛДЫ

Семсерлесуден Ванкуверде өткен әлем кубогы кезеңінде Қазақстан ерлер құрамасы үшінші орын алды. Отандастарымыз жартылай финалда Жапонияға жол берді.

Қазақстандық спортшылар Гонконг пен Италияны жеңіп, жартылай финалда Жапонияға

жол берді. Кола медаль үшін тартыста Қазақстан құрамасы Франциядан басым түсті. Алтын медальды Жапонияны финалда жеңген Венгрия құрамасы иеленді.

Айта кетейік, семсершілер (Руслан Құрбанов, Эльмир Әлімжанов, Ерлік Сертай, Вадим Шарлаимов) үшінші орынға таласта Францияны (35:34) ұтып, сапы жаттығуы бойынша қола жүлдеге қол жеткізді.



NUR MEDIA
МЕДИЯКОМПАНИЯСЫ

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АППЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баһи ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4526

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,